

ӘРЕКЕТ ПЕН БЕРЕКЕТ

Әлемдік індеті коронавируске қарсы күрес туралы тың ойларымен Халық емшісі Сайлаухан ӘУЕЛБАЕВА бөліседі



САЙЛАУХАН

Қазақ Елінде тәжтажалға қарсы қауіпсіздік шаралары қолға алынып, жұрт жаппай ұйқамаққа таңылған тұста, алдымен, сабыр мен төзімге ат байладық...

Сырқатқа шалдыққандар қатары күн сайын қарайып, көбейіп барады... Бүгінгі дүниежүзінің өркеніетті медицинасы, ғалымдар мен дәрігерлер Қытай Індеті коронавирустың дауасын таба алмай, басы қатуда...

Дей тұрғанмен, әрбір ел, әр қоғам, әрбір адам – шама-шарқынша әрекет етіп жатыр. Мысалы, Қазақ Еліндегі қабылданған шаралардың арқасында сырқаттар саны кілт тоқтамағанымен, екпіні басылып, құлан-таза айыққандар да көбейе түседі...

Біздің Жетісу топырағының жайсаң жұртында ата-баба мұрасының бірі – емшілік қасиетке деген ықылас ерекше. Сондықтан, баспасөздегі орайлас дүниелерге мұқият қараймын. Бұрынғырақ биоэнерготерапевт, «Виктория Ханшайым» және «Біріккен Еуропа» ордендерінің кавалері, «Ғылымдағы есім» халықаралық сыйлығының лауреаты, халық емшісі Сайлаухан ӘУЕЛБАЕВА жайында көп оқып, құлағдар болдым.

Менің көңіліме қонғаны: еліміздің басына күн туып, қиындыққа тап болған ауыр кезеңде Сайлаухан ӘУЕЛБАЕВА өзінің өзге көптеген әріптестеріндей құмға басын тығып-жасырған түйеқұс сияқтанбай, керісінше, мейлінше жанашырлық ел-жұртына көмек қолын созды. Бұл – азаматтық келбет қана емес, шынайы адами жанашырлық.

Бірінші кезеңдегі карантин кезінде екі ай бойына үздіксіз бүкіл Қазақстан территориясы бойынша:

- 1-ші Ғарыштық Қуат жіберу арқылы;
 - 2-ші жеке үйлер мен ауруханаларға "САЙЛАУХАН СУ"-ын жіберумен айналысты.
- Ал енді екінші кезеңде алдымызда Үкімет ескертіп отырғанындай карантиннің екінші кезеңі келе жатыр, соған байланысты Сайлаухан Әуелбаевамен сөйлескенде ол енді екінші кезеңнің кезінде мына емдік

жұмысты тамыз, қыркүйек, қазан айларында үш ай бойына жүргізу керек екендігі туралы ақпарат алғанын айтты. Үш ай ем жұмысын жүргізу емдеп, содан кейін тағы да үш ай бойы ем жіберу үшін дайындық жұмысын жасау үшін беріледі екен. Арғы жағында желтоқсан, қаңтар, ақпан айларында дәл осы екі бағыттағы жұмысын жалғастыруға міндетті екен. Сосын наурыз айында Сайлаухан ханым есін жиюына, демалуына тапсырма беріліпті. Сөйтіп келеді де қайтадан 2021 жылдың сәуір, мамыр, маусым айларында жалпы халықты қуаттандырып, емдеп, елдің есін жиюына, организмдерін тазартумен айналысып, тығырықтан шығуына жұмыс істеуі керек екен. Бұл жалғыз ғана Сайлаухан ханымға артылған тапсырма боп тұр дейді. Өткен карантинде қасында көмекшілері болмағандықтан екі ай қиналыққа қалыпты. Енді келесі карантинге дейін еліміздің Үкімет басындағылар, өңір әкімдері Сайлаухан ханымға қолдау көрсетіп, жағдай жасаса нұр үстіне нұр болар еді.

Сол себепті де, мен емшінің ерекше өнімі «Сайлаухан Суы» – табиғи емдік қасиеті арқылы адам ағзасының коронавирусқа қарсы қуаттылығын арттыратындығына сенемін.

«САЙЛАУХАН СУ» емдік сусынына мейлінше мұқият көңіл бөліп, емшінің нақты нұсқауларын бұлжытпай орындау керек:

1. Ауырған жерлеріңізді сылап, компресс қойыңыздар.
2. Ауыз қуысын, танауларыңызды жиі шайыңыздар.
3. Тынысыңыз ауырлап, деміңіз тарылса, «Сайлаухан Суы»-мен өкпе тұстарыңызға компресс жасап, жылы ораңыздар.
4. Сулы мақтамен құлақтарыңызды 3-4 сағатқа тығындап, бас киім киіп алыңыздар.
5. Осы сумен аяқ ваннасын да қабылдауға болады.
6. «Сайлаухан Суын» тамақ алдында және соңында (шөлдеген, шөлдемегендеріңізге қарамастан) жиі ішкеніңіз өте пайдалы.
7. Шай қайнатып, тамақ пісіріңіздер.
8. Жиі тамақтаныңыздар (7-8 рет).
9. Бүкіл отбасы пайдаланыңыздар.
10. Үй тазалау жұмыстарын

жүргізіңіздер (Дезинфекция).

11. Ванна, душ қабылдаңыздар.
 12. Моншаға түсіп, бассейнде жүзіңіздер.
- «Сайлаухан Суы» – ЖИІ ҚОЛДАНЫЛЫП, ҰЗАҚ ҰСТАЛҒАН сайын ОРГАНИЗМНІң сырқаттарға ҚАРСЫ ТҰРА АЛУ ҚАБІЛЕТІ оянып, жаман ауруларға қарсыласа алатын деңгейге жеткізіп, күшейе түседі.

Турасын айтқанда, сөз жоқ, белгілі бір сырқаттар мен сырқыраулар мазасын алған адамдар жаппай тежеу салған карантин бітіп, ел есін жиған соң, «Сайлаухан Суы» аталатын емдік суды еркін ішіп, емен пайдаланатын «САЙЛАУХАН» емдеу, қайта оңалту орталығына аттың басын тіресе, құба-құп. ***

Емшілік сулар мен заттар – көне заманнан ата-бабамыздың денсаулық сақтау дәстүрінің аса маңызды балалы әдісі. Халықаралық дәрежедегі емші-шипагер, тәжірибелі маман, салмақты КОСМОЭНЕРГЕТИКА майталманы Сайлаухан ӘУЕЛБАЕВА басшылық ететін «САЙЛАУХАН» емдеу, қайта оңалту орталығының өзге ерекшелігі мен ерендігі көп:

- Табиғи дәрі-дәрмексіз емдейді.
- Авторлық емдеу тәсілін қолданады.
- Энергетикалық ем-дом жасайды.
- Отбасылық ем жүргізеді.
- Санаторий-курорттық бағыттағы ем.

Шаршап-шалдыққан адам организмін кешенді емдеп, қалыпқа түсіреді, қайта оңалтады, жасартып өмірді ұзартуға ықпал етеді.

- Имунитет қалыптастырып, күшейтеді.
- БҮГПНГ тілсіз жауға қарсы күресте Сайлаухан Сұлтанғазықызының пайымды ой-тәлімдерін тізбелесек:
- Ем – жер таңдамайды.
- Емге – арақшықтық кедергі жасамайды.
- Ем – ұлт талғамайды.
- Ем – жасқа қарамайды.
- Емнің кері, жанама әсері жоқ (побочных эффектов нет).
- Емнің қарама-қайшы көрсетілімдері жоқ (противопоказания нет).

Қазақ Елінің кәсіби де құрметті Халықаралық дәрежедегі Халық емшісі, шипагер Сайлаухан ӘУЕЛБАЕВаның мақтау-марапаттарының кезекті бір шоғыры төмендегідей екен:

1. **Үздік емші белгісі. Украина, Киев, 2011 жыл.** Қырым республи-

касы валеологтары қауымдастығы халықтың денсаулығын жақсартуға арналған жаңа әдіс-тәсілдер тұжырымдамасы үшін берген.

2. **1 дәрежелі Алтын медаль. Украина, Ялта, 2012 жыл.** Жаңа Адам Санасын қалыптастыруға қосқан үлесі үшін берілген.

3. **Қырым автономиялы республикасы Денсаулық министрлігінің Мақтау Қағазы салауатты өмір салтын қалыптастыру ісінде халық емшілігінің ықпалын күшейтіп, дәлелдегені үшін берілген. Украина, Киев, 2012 жыл.**

4. **1 дәрежелі Алтын медаль. Украина, Ялта, 2012 жыл.**

Қырым республикасы валеологтары қауымдастығы Адамның айрықша құпия күш-қуаты мен мүмкіндіктерін ашып көрсеткені үшін берген.

5. **1 дәрежелі Алтын медаль. Украина, Ялта, 2012 жыл.**

Адамды сауықтыруда жоғары жетістіктерге жеткен үшін берілген. ***

Әрине, қазақ қызының мақтауға тұрарлық мақтануға жарарлық жетістіктері көп. Бірақ, қазіргідей қауіп-қатерлі күндері біз емшінің ҚАТАН ЕСКЕРТУЛерін барынша жауапкершілікпен ескеруіміз керек, олар:

1. Ысырап етіп, төгіп-шашпаңыз.
2. Беталды (қалаймақан) сөйлемеңіз.
3. Ой мен жүректің тазалығын сақтаңыз.
4. Ниетіңіз бен тілегіңіз ақ болсын.
5. Бұл суға қосымша дем салуға тыйым салынады.
6. Бұл сумен орталықта жүргізілетін біздің күрделі емдік процедураларды үйде өз беттеріңізбен жасауларыңызға тыйым салынады.
7. Бүкіл айналаңыздың сізге қызмет етіп тұрғанын түсініңіз.
8. Балаларға үлкендердің көмегінсіз (ванна, душ, монша, бассейн) қабылдауға болмайды.
9. Бір рет қана берілетін өмірдің қадірін білуге, әрбір сағатыңыздың баға жетпес құнын бағалай білуге тырысыңыз.

Бәрі сіз үшін, біз үшін, бәріміз үшін Аллаһ Тағаланың жаратқан терең тағылым, ғажайып ғаламаттары!

Сауықтыру медицинасының докторы, халық емшісі Сайлаухан ӘУЕЛБАЕВаның бар арманы: қазақтың амандығы мен болашағы, демек, әйдік әрекеті мен баянды берекеті. Асыл аяпаймыз аман жүрсіңіз!

Әйгерім ҚҰНЫПИАҚЫЗЫ

2020 MAUSYIM №17-18

ЖҰМАДАҒЫ ЖҮЗДЕСУ

ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ, КӨРКЕМ-ӘДЕБИ

ТӘУЕЛСІЗ БАСЫЛЫМ



ҚАЗАҚ ТІЛІ ҚАЗЫБЕККЕ ҒАНА КЕРЕК ПЕ?!.

Қазақ тіліне шын жанашыр қауым қопарыла көтеріліп. Анамыздың асыл тілін Қазақ Елінде үстемдік етуіне аяусыз күресуге тиіспіз!



ҚАЗАҚТЫҢ БІРЛІГІНЕ ЗИЯН КЕЛТІРУШІЛЕРДІ ИТ ҚОСЫП ҚУУ КЕРЕК!



Қажымұқан ҒАБДОЛЛА

СЫҢАР АҚҚУ

Ақжайықтың арда ұлы, дүр дауысы, еңбек сіңірген қайраткер, ән өнерінің ақиығы, әнші-композитор ДОНЕДІЛ ҚАЖЫМОВ ағамның өмірлік жары, ғұмырлық серігі, әнші, сазгер, еңбек сіңірген әртіс Гүлнәр ДӘУКЕНОВА жеңгей мезгілсіз дүниеден өтті.



ӨЛБІГЕ ӘДІЛДІК
ӨЛБІ ҮШІН ДЕ, ӘДІЛДІК ҮШІН ДЕ КҮРЕСУІМІЗ КЕРЕК!



ТАЛАПАЙДЫҢ ТӨБЕСİNДЕГІ ТЕРЕЩЕНКО

ШЫМКЕНТТІҢ ПЫСЫҚ ЖІГІТТЕРІНІҢ ӨЗДЕРІНІҢ АУЫЗДАРЫН АШТЫРЫП, ТАЛАЙ ҚҰНАРЛЫ ЖЕРЛЕРДІ ҚАҒЫП АЛДЫ



Талғат ТЕМЕНОВ:

МЕН НЕ АДЕЙМІН, АӘУРЕН НЕ АДЕЙДІ?..



АЛЕКСАНДР ГУЖАВИН
Я ни в коем случае не подставное лицо

СЕРЖАН ЖУМАШЕВ

ТОҚАЕВТЫҢ «ҚАЗАҚТЫҢ ЖЕРІ САТЫЛМАЙДЫ» ДЕГЕН УӘДЕСІНІҢ ҚҰНЫНЫҢ – КӨК ТИЫН БОЛҒАНЫ МА?

АЛТЫ АЛАШТЫҢ АЙБЫНЫ
Жұмадағы Жүздесу
Директор - Бас редактор
Қажымұқан ҒАБДОЛЛА
Қалта телефоны: +7 701 111 61 05

«Жұмадағы жүздесу» газеті ҚР МӘДЕНИЕТ, АҚПАРАТ ЖӘНЕ СПОРТ министрлігінде тіркілген. Куәлік № 6785-Г (23.01.2006 ж.) берілген.
Меншік иесі: ЖК «Утегенова»
Газет Қазақстан Республикасының барлық аймақтарына тарайды.

Газет бейсенбі күні шығады.
Көлемі үш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданбайды.
Газет «WESTA» ЖШС баспаханасында басылды. Таралымы 26000 дана.
Баспахана мекен-жайы: Орал қаласы, Достық-Дружба даңғылы, 215 А.

Редакция мекен-жайы: Орал қаласы, Досмұхамедов көшесі 18 ұй
E-mail: ORAL74@MAIL.RU
Редакция меңгерушісі
Руслан ҚАЖЫМҰҚАНҰЛЫ
Қалты телефоны: + 7 701 208 19 99

БІРЛІКТІ ЕЛДІ – ДҮРЛІКТІ ЖАУ АЛА АЛМАЙДЫ...

Коронавируске қарсы күрес туралы тың ойларымен Халық емшісі Сайлаухан ӘУЕЛБАЕВА бөліседі

БІРЛІКТІ ЕЛДІ – ДҮРЛІКТІ ЖАУ АЛА АЛМАЙДЫ...

ТЫЛСЫМ ТАБИҒАТЫ

Әлемді жапыра жайлап, адамзатты әлемтапырақ еткен Тәжтажал (Коронавирус) – ғасырлық індеті не себептен шықты?..

Бұл сұрақтың жауабын басқа түгілі, алып ел – Қытайдың өзі таба алған жоқ. Иә, жұрттың бәрі «Тәжтажал» атаған індеттің шыққан отаны – Қытай екендігінен хабардар болғандықтан, жарты дүние бұл обаны «Қытай індеті» деп те атайды.

Жасыратын жоқ, Қытай індеті – жершарындағы күллі елдердің есін алып, қалыпты өмірін теңселтіп жіберді. Қазіргі өркени медицина, яғни, бүкіл адамзаттың мүйізі қарағайдай атақты ғалымдары жаңа індеттің емін табу үшін күндіз-түні демін алмай, шипа боларлық дәрі-дәрмектер іздеп, тынымсыз зерттеулер жүргізуде. Дегенмен, қолмен көрсеткен әрі толық шипа болатын дәрінің аты әлі аталған жоқ. Қайсыбір елдерде бұрыннан қолданыста болған, енді біреулерінде жаңадан жасалынған дәрілердің Тәжтажалды ауыздықтауға қауқарлы екендігі де айтылып қалып жатыр.

Осы орайда, қазаққа ататегінен дарыған тылсымдардың табиғаты – емшілік, шипагерлік, тәуіпшілдік т.с.с. – бабамыздың қанымен сіңген қасиеттердің көмегімен жауабы жоқ сауалдың құпиясына үніліп көруге болады. Халқымыздың емшілік тарихының ертедегі ғасырлардан бастау алатындығын ескере отырып, ата-бабамыздың көне кәсіп, ежелгі емдеу дәстүрін жалғастырып, қалың қазақтың алғысын алған

Халықаралық дәрежедегі емші-шипагер, сауықтыру медицинасының докторы, биоэнерготерапевт **Сайлаухан Сұлтанғазықызы ӘУЕЛБАЕВА**ның:

1. **Тұлабойныңызы таза ұстаңыз.**
2. **Ой-санаңызды тазалаңыз.**
3. **Күн тәртібін тиянақты орындаңыз.**
4. **Ниет-пейіліңізді түзеңіз.**
5. **Дұға-тілегіңізді түгелденіңіз...**

– деп аталатын айрықша ой, пайымды пікірлері тоғысқан бес тәсілін жіктеп, негіздеп көрейік...

1. ТҮЛАБОЙНЫҒЫЗДЫ ТАЗА ҰСТАҢЫЗ

Әлімсақтан, тазалықтың жолы мен қадірін қанымен бойына сіңірген – мұсылман жұртымыз. Мұсылманның бес парызының бірі – намазды күніне бес мәрте оқыған мұсылім кем дегенде бес рет қолын, ауызын, мұрынын, құлағын, мойынын, басын, шашын, аяғын мұқияттал-тазалып жуып (тахарат алып), намазын оқиды. Оның үстіне, самал желі ауаны тілгеліп, үнемі тазартқан Ұлы Даллада өскен қазақтың баласы саумал қымыз ішіп,

лалал ас жеп, тұлпардың құлағында ойнаған. Сондықтан, нағыз қазақтың баласына тұлабойын таза ұстау – соншама қиын емес.

Қазіргі «батыс мәдениеті» деп айдар таққан, марғау мысықтай күні-түні бөлмеге қамалған үйкүшіктік өмір сипаты – адамды бойкүйездікке ұрындырып, жалқаулық жарына құлатады. Бұл аз болғандай, технология қарыштап дамып, әрбіріміздің (кәрі, жасына қарамай) қолымыздан телефон түспейтін сырқатты күйге ұрындық.

Қимыл-әрекетіміз тұсалғасын – ой-жүйеміз де тоқырауға ұшырады. Анайылау болса да айту керек: жас адамдар әке-шешесі мен аға-әпкесінің сөзіне құлақ асу былай тұрсын, уақтылы дәретханаға барып, қол-аяғын жууға да ерінетін болды.

Тазалық (гигиена) сақталмаған жерде – ауру-сырқау «бұрқ» етіп көтеріледі. Біздің күн сайын, сәт сайын қолданылатын заттарымыздың басым бөлігі – Қытайда шығарылған. Ал, қоңсы қонған құжынаған қара қытай – қақпағы жабық бұрқылдап қайнаған қара қазан секілді құпиясы мен қаупін ішіне бүккен ел.

Қытай тауарларының 80-90 пайызы – адам денсаулығына өте зиянды. Қытай ойыншықтары бүлдіршіндерді артроз, сколиоз және т.с.с. сырқаттарға шалдықтырады. Қазақ еркектерін белден айыратын, ұрықтарын өлтіретін қоспалар қытай тауарларына әдейі, жоспарлы түрде аяусыз көп қосылды екен.

Діні мен ділі – жат, көршіге – суық, елшіге – селсоқ жұрт. Қазір Еуро Одақ елдері, АҚШ, Жапония т.б. өркениетті мемлекеттер қытайдың көптеген тауарларына тым салды. Қазақтың Қытаймен ұзыннан-ұзақ шекарасында қытай тауарларының шынайы сапасын тексеретін өркениетті зертханалары мүлдем жоқ. Ол-ол ма, Қазақстан – қытай тауарларын шекарадан тәулігіне 24 сағат бойы кедергісіз, үзбей өткізетін «жасыл коридор» ашып қойды...

Қытай – қазаққа шегір көзін тіккен ел. Қытай тек энергетика ресурстары қорын сатып алу үшін 3 трлн. қаржы бөлді. Қазақстанның энергетика саласында қытай капиталының 50-100 пайыз арасындағы үлесі бар. Қытайдың энергетика өндіру саласындағы ең қауіпті қадамы – 939 млн. АҚШ долларына «ҚазМұнайГаздың» 14,5 пайыз акциясын сатып алуы. Қытай мұнай мен газ қорларымен қатар, уран кеніштерін де сатып алуға. Қытай Қазақстанның банк жүйесіне де



дендеп енді.

Сондықтан, саяси қауіпмен қатар, қытайдың тұрмыстық тауарларын да мейлінше аз және сақтықпен пайдалануымыз керек. Адам баласына қиянат жасау, қасырет әкелу – түбін де ешкімді жақсылыққа апармайды. Демек, таза жүріп, таза тұру – қандай да сырқаттың жұғуы мен жабысуынан қорғайтын бірінші де басты себеп.

Сол себепті, қазір үздіксіз уағыздалып жатқан қолды, ауызды, бетті, көзді, басты, шашты сабынмен бірнеше мәрте тазалап жуу – бойыңызды реттеудің негізгі шарты. Дені-басы тазаның – киім-кешегі мен мүлік-затына да пәлекеттер жұқпайды.

2. ОЙ-САНАҒЫЗДЫ ТАЗАЛАҒЫЗ

Әлеуметтік желілер – бүгінгі адамдарды өздерінің құлақесті құлдарына айналдырып алды. Бойыңыз ғана емес, ойыңыз да тазалануы үшін өсек тындамаңыз! Жалған ақпарат, өтірік «жолдау»-ларға құлақ аспаңыз! Құннанбайдың Абайы айтады:

«Ойға түстім, толғандым,
Өз мінімді қолға алдым.
Мінезіме көз салдым,
Тексеруге ойландым...
Бойдағы мінді санасам,
Тау тасынан – аз емес.
Жүрегімді байқасам,
Инедейін таза емес.
Аршып алып тастауға,
Аршып алып тастауға,

Апандағы саз емес...»

Жарқын ой – көңіл-күйіңіз бен түйсік-түсінігіңіздің ластанбауының кепілі. Атамыз қазақ: «Жақсы сөз – жарым ырыс» дейді, жақсы сөз тындап, жақсы сөз айтыңыз!

Тұғыры мен түбі терең уайымға салынбаңыз! Ішкі ізгілікке сенім – сыртқы саушылығыңызды сыйға тартады.

3. КҮН ТӘРТІБІН ТИЯНАҚТЫ ОРЫНДАҒЫЗ

Қазір жұрт от басы, ошақ қасында болуға тиіс жағдайда жұбайыңызбен, бала-шағаңызбен көбірек сөйлесіп-сырласыңыз. Арман-тілектеріне құлақ асыңыз! Ой-жоспарларымен танысыңыз! Жанашырлық сөзіңізді айтып, ақыл-кеңесіңізді қосыңыз!

Ата-анаңыз бен ағайын-туыстарыңызға арнайы хабарласып, ахуалдарын сұраңыз! Дос-жарандарыңызбен ұялы байланыс арқылы араласып, жылы сөздеріңізбен деменіңіз!

Сапалы кітаптар оқып, мағыналы фильмдер қараңыз! Қолыңыздың бос, ойыңыздың еркіндеу мүмкіндігін тиімді пайдаланып, алдағы апталарға, айларға, жылдарға арналған жоспарларыңызды пысықтағаныңыз – артық етпейді. Сондықтан, әрбіріміз өзімізді терең танып, тазалық пен тәртіпті темірдей берік сақтап, «Тәжтажал» індетінің осал жақтарына қарсы күш жұмылдырсақ, бәріміз

жеңетін боламыз!

4. НИЕТ-ПЕЙІЛІҒІЗДІ ТҮЗЕҢІЗ

Мұқым маңызды ізгіліктің бастау бұлағы – ақжарма ниет пен мөлдір пейіл. Сол себепті, жұртымыз: «Таспен ұрғанды – аспен ұр» дейді. Яғни, ниеті бұзық, пейілі лас адамға дәп солай жамандықпен жауап берсең, сенің жақсы болғаның, қане?!

Тұптамыры тереңге тартылған емшілік-дәруіштік қадет – кісінің тағдырының табалдырығы мен төрін анықтап береді. Емші алдына келген кезкелген науқастың, ең алдымен, ниет-пейілін тазалаудан бастауы керек, ем-домды. Өйткені, бойындағы емшілік қабілет-қасиеті – болмысымен туабіткен болса, жарты жолда жалт беріп, басқа жол, сыңар соқпаққа түсіп кетпейді.

Тыныш тіршілігімізді талқандамақ болған «Тәжтажалға» қарсы кескілескен күрес – әуелі адал ниет, таза пейіл, тура құлқымыздан басталады. Енді осы адал ниет, таза пейіл, тура құлқымыз – көзіміз түгілі, ойымыз жетпейтін өте алыс ғарыштарға ақпарат жеткізіп, кейін қайыра өзімізге жетсе, ғарыштық қуаттың жәрдемімен біз қиындықтарға қарсы тұру қабілетіне ие боламыз. Жоғары сапалы ақпаратқа сәйкес жасалған пайдалы да шипалы дүниелер – тым аз болса да, жоқ емес. Көне заманнан

медицинасының докторы **Сайлаухан ӘУЕЛБАЕВА**ның бес тәсілінің қыр-сырлары осындай.

5. ДҰҒА-ТІЛЕГІҒІЗДІ ТҮГЕЛДЕНІЗ

Кенеттен келген қауіп – бәрімізге ауыр тиді: күнделікті, әдеттенген өмір салтымыздың ырғағын бұзды. Әсіресе, қалалардың көлемі тар пәтерлерінде шоғырланған әрі жас балалары бар отбасыларына жеңіл тиіп жатқан жоқ: сәбилердің ақ жүректері қауіп-қатерді сезбейді. Жанымыз ауырып, жүйкемізге салмақ түсуде. «Күдік» дейтін дұшпанымыз да оқта-текте бас көтеріп, бізді жаулап алмаққа ұмтылады. Бұл қиыншылық – соңында теңіздей телегей жақсылық-қуанышы бар уақытша сынақ! Әрбіріміз осылай ойласақ деймін.

«Тәжтажал» (коронавирус) індетін іркіп, тоқтату үшін – бәріміз және әрбіріміз қолға қару алып, жауға қарсы жапқандай әрекет көрсетіп, күресуіміз керек. Яғни, мемлекеттің заңға сәйкес талап еткен талап-шарттарын мүлтіксіз орындауға тиіспіз!

Сонымен қатар, адамға жабысатын аурулардың кейбірі ешбір себепсіз, тікелей жазмыштан келуі мүмкін. Дұғада айтылған «фис-сәмәй» (көктегі) сөзі осыны меңзесе керек. Қандай жағдайда да адамға бір Аллаға сиыну керек. Өйткені, себепті де, салдарды да жарататын – бір Алла. Сырқаттың себебін медициналық тұрғыдан анықтап, емделген күннің өзінде, ең дұрысы – шипаны тек Алладан тілеу. («Сахих Бұхари»).

Azan.kz сайтындағы «Мына дұғаны оқыған адам ешбір жамандыққа ұшырамайды» деп аталған жазбаны оқып көрейікші: «Бисмилләһилләзи лә ядүрру ма’асмини шәй’ун фил-ардый уә лә фис-сәмә’әй уә нуәссәмий’уль ’алиим». (3 рет). Мағынасы: «Есімі аталғанда жердегі және көктегі ешбір нәрсе зиянын тигізсе алмайтын Алланың атымен! Ол – бәрін Естуші нәм бәрін Білуші!»

Әділдіктің рәмізі болған төрт халифаның бірі Османнан (р.а.) жеткен бұл дұға жайлы Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Кімде-кім бұл дұғаны күн сайын таңертең және кешке үш мәрте оқитын болса, оған еш нәрсе зиянын тигізсе алмайды», – деген. Бұл дұғаға қатысты Әбу Дәудтің хадис жинағында келтірілген басқа бір риуаятта Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Ешбір жамандыққа ұшырамайды», – деген. Мұсылманның қаруы да, қорғаны да – дәрмені зор дұғасы!

*** **

Адам ағзасын сырқаттан сақтап, кем-кетігін қалпына келтіру үшін мен ширек ғасырдан астам уақыт бойы тынымсыз еңбектеніп, шоқтығы биігі – «Сайлаухан су» емдік сусынын ойлап-тапқан және талай науқастарға қолданып, құлантаза айықтырып келе жатқан емші-шипагер, сауықтыру

Елімізде тынымсыз күндіз – күлкі, түнде – ұйқысын ұмытып, тедегей тер төккен медицина қызметкерлерінің орасан еңбегі – нағыз батырлықпен пара-пар бағасы жоқ бейнет. Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев елде SARS-CoV коронавирусының тарауына қарсы жұмыс істеп жатқан медицина-на қызметкерлеріне қосымша қаржылық көмек көрсетілетінін Twitter парақшасында мәлімдеп:

«...күрделі кезеңде еңбек етіп жатқан дәрігерлерді қаржылай қолдаудың жаңа пакеті қажет. Олар соған лайықты» – деп жазды.

Адам өмірін сақтауға ғұмырын арнаған медицина қызметкерінің адал маңдай тері – қатары күн сайын көбейген індеттен айыққандар. Күндіз-түні шаршап-шалдығып, өз денсаулығына төнген қауіп-қатерге қарамай, әрбір науқастың амандығы үшін жанын салып күрескен әрбір медицина қызметкеріне – ба-сымызды иіп, құрмет көрсетуіміз керек.

Біздің жауымыз – біреу, дұшпанымыз – ортақ, оның аты – «Тәжтажал» індеті (SARS-CoV коронавирусы). Бәріміз бірлесіп-біріксек – қандай жаудың да бетін қайтара-мыз! Бірлікті елді – дүрлікті жау ала алмайды. Біз неғұрлым жинақы тәртіпті болсақ, солғұрлым тез жеңіске жетеміз!

Инжу КУШПЕНТАЙ

